

"ЖАС ФИЗИК"



«Жас физик» сайысының кезеңдері:

1. **ТАНЫСТЫРУ** (әр топ тобын, ұранын айту)
2. **«КІМ ЖЫЛДАМ»** (викториналық сұрақтар)
3. **«ОЙЛАНАЙЫҚ, ОЙЛАЙЫҚ!»** (логикалық сұрақтар)
4. **«ЖҰМБАҚТАР ӘЛЕМІНДЕ»** (барлық команда бірдей жұмбақтар таңдап алады, әр команда жұмбақтарға жауап береді.)

Дұрыс жауапқа

қазақ тілінде – 5 ұпай,

орыс тілінде – 10 ұпай.

5. **«ҚЫЗЫҚТЫ ТӘЖІРИБЕЛЕР»**
(физикалық тәжірибелерді түсіндіру)
6. **«ТЕРМИНДЕР СӨЙЛЕСІН»** (Терминдерге байланысты тілектер айту)



1. ТАНЫСТЫРУ (әр топ тобын, ұранын айтады)



2. «КІМ ЖЫЛДАМ» (викториналық сұрақтар)

2 топқа викториналық сұрақтар беріледі.

Әр дұрыс жауап – 1 ұпай.



1. Дүниеде ең жүйрік не? **(жауабы: Ой, қиял)**
2. Көзіңмен көресің бір-ақ ұстай алмайсың? **(жауабы: көлеңке)**
3. Үш әріптен тұратын уақыт өлшемі **(жауабы: жыл, күн)**
4. Әлемде не бар болса соның бәрі **(жауабы: материя)**
5. Джин бөтелкеге кіріп, шығу кезінде өзінің көлемі мен формасын оңай өзгерте алады. Ол қандай агрегаттық күйде? **(жауабы: газ тәріздес)**
6. Суық тиген бала мен сау баланың қайсысының молекулалары жылдам қозғалады? **(жауабы: суық тиген баланың, себебі температурасы жоғары)**
7. Таудан түскенде автомобильдің қай доңғалағы айналмайды? **(жауабы: қосымша)**
8. Ол физикалық өлшем «Бүкіл әлемдік тартылыс» заңын ашқан ғалым атымен аталады. **(жауабы: Ньютон)**

9. Жер бетінде қай жерде ең ұзақ тәулік бар? **(жауабы: тәулік барлық жерде бірдей)**

10. «Физиканың оң қолы химия болса, математика оның көзі» деген ғалым кім? **(жауабы: Ломоносов)**

11. Заттың ең кішкентай бөлігі ? **(жауабы: Молекула)**

12. Физика қандай ғылым ? **(жауабы: Табиғатты зерттейтін)**

13. 1961 жылы 12 сәуірде қандай оқиға болды ? **(жауабы: Адам ғарышқа ұшты)**

14. Күн планета ма әлде жұлдыз ба? **(жауабы: жұлдыз)**

15. Молекулалық-кинетикалық теорияның қағидалары?



16. Бір зат молекулалардың екінші зат молекуларына өту құбылысы? **(жауабы: Диффузия)**

17. 360 минутта неше сағат бар? **(жауабы: 6сағат)**

18. 12км неше метр бар? **(жауабы: 12000м)**

3. «ОЙЛАНАЙЫҚ, ОЙЛАЙЫҚ!» (логикалық сұрақтар)

Әр дұрыс жауап – 2 ұпай.



III. «ОЙЛАНАЙЫҚ, ОЙЛАЙЫҚ!» (логикалық сұрақтар)

1. Қандай жолмен еш уақытта адам жүрмейді?
2. Елеуішпен су әкелуге бола ма?
3. Егер сатқандағы судың бәрін ішіп қойса не қалады?
4. Неліктен су отты сөндіреді?
5. Дайындауға болады бірақ жеуге болмайды?
6. Ыстық суда қандай стақан тез жарылып сынады?
7. Ньютонның заңын ашуына себеп болған не?
8. Кім барлық тілде сөйлейді?
9. Ашық ыдыстағы су неге азаяды?
10. Қандай ыдыстарға су құйылмайды?
11. Көзіңмен көресің бірақ қолмен ұстай алмайсың?
12. Жерден көтеру оңай бірақ лақтыру қиын?
13. Теңізде қандай тастар болмайды?
14. Македонский заманындағы уақыт көрсеткіші немесе өлшеуіші болған не?
15. Жазуға болатын химиялық элемент?

4. «ЖҰМБАҚТАР ӘЛЕМІНДЕ» (барлық команда бірдей жұмбақтар таңдап алады, әр команда жұмбақтарға жауап береді.)

**Дұрыс жауапқа
қазақ тілінде – 5 ұпай,
орыс тілінде – 10 ұпай.**



5. «ҚЫЗЫҚТЫ ТӘЖІРИБЕ» (физикалық тәжірибелерді түсіндіру)

Әр дұрыс жауап – 15 ұпай.

Тәжірибе: Тәрелкенің ішіне тиынды салып, су құямыз.

Сұрақ: тәрелкедегі тиынды қолды суламай қалай алуға болады?



6. «ТЕРМИНДЕР СӨЙЛЕСІН» (Терминдерге байланысты тілектер айту)

